

Түсінік хат

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін (назар аудару, есте сақтау, қабылдау, байқағыштық, елестеу, ойлау т.б) дамыту оқу процесінде маңызды орын алады. Берілген логика курсының бағдарламасы бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытуға жағдай жасап отырып, баланы іздемаздыққа және өзіне сенімді болуға, ақыл ой деңгейін қалыптастыруға бағытталған материалдармен қамтылған.

Бастауыш сыныптарда ұсынылып отырған «Логика курсының бағдарламасы» баланың интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктерін қалыптатыру мақсатында алты және он жас аралығында жүргізіледі. Логика курсының басқа пәндерден айырмашылығы сыныптан тыс факультативтік сабақ ретінде 136 сағат аптасына 1 сағат бірінші сыныпта сабақтың ұзақтығы 35 минут, 2-4 сыныптарда 40-45 минутқа есептелген. Логика курсының бағдарламасы «Логика әлемі» (Ерешева К және Алматы «Өлке» 2010) оқу құралының негізінде жасалған.

Бастауыш сынып оқушыларының логикалық танымдылық қабілеттері мен білім-білік дағдылары қалыптасады.

Курстың шығармашылық ізденіс тапсырмалары мазмұны мен құрлымы жағынан жан жақты ұйымдастыруға мүмкіндіктұғызады. Танымдық қасиеттері мен білім білік дағдыларын қалыптастырады. Бұл курстық жүйенің ерекшелігі- негізгі оқу материалдарынан тыс, баланың мүмкіндіктерін ашып, жеке тұлға ретінде дамуына әсері мол.

Оқу құралындағы тапсырмалар балалардың өз бетінше логикалық іздену әрекеттеріне негізделген жаттығулардан тұрады. Құрылған тапсырмалар мазмұны жағынан бір біріне ұқсамайды. Осындай жаттығулар орындау барысында өз пікірін ортаға салып дәлелдеуге, қиын жағдайда жол тауып шығуға, жеке шешім қабылдауға үйренеді. Әр сабақ сайын тапсырмалар қиындайды, көлемі көбейініп, тапсырманы орындау жылдамдығы артады. Сөйтіп олар өздерінің дамуында көптеген жетістіктерге қол жеткізеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылықтары мен белсенділіктері арттады.

Әр сабақтан соң өз беттерінше орындаған жұмыстары бағаланады. Баламен жұмыс жасау кезінде, оның сенімін арттырып, тұрақтылық пен мақсатына жете білуіне үйрету қажет. Мұнда маңызды роль қолдау сөздер.

«Логика әлемі » 4 сынып
Күнтізбелік жоспар аптасына
1 сағат, жылына -34 сағат

№	Тақырыбы	Сағ саны	Мерзімі	Ескерту
1	Бірдей суреттерді толықтыру (тапсырмалар жиынтығы)	2	02.09.25 09.09.25	
2	«Өз көзіңе сенбе» ойыны (тапсырмалар жиынтығы)	2	16.09.25 23.09.25	
3	Сурет бойынша есеп құрастыру (тапсырмалар жиынтығы)	2	30.09.25 07.10.25	
4	Анаграмманы оқып, жазу (тапсырмалар жиынтығы)	1	14.10.25	
5	Математикалық жұмбақ ойыны (тапсырмалар жиынтығы)	2	21.10.25 04.11.25	
6	Сөзжұмбақты шешу (тапсырмалар жиынтығы)	2	11.11.25 18.11.25	
7	Ойлан ,тап (тапсырмалар жиынтығы)	2	25.11.25 02.12.25	
8	Ребус шешу (тапсырмалар жиынтығы)	1	09.12.25	
9	Тапсырманы пайымдау (тапсырмалар жиынтығы)	2	16.12.25 23.12.25	
10	Қиял мен қисынды жаттықтыру (тапсырмалар жиынтығы)	1	13.01.26	
11	Логикалық тапсырмалар (тапсырмалар жиынтығы)	2	20.01.26 27.01.26	
12	Викториналық сұрақтар	2	03.02.26 10.02.26	

13	Жадында сақтауды жаттықтыру (тапсырмалар жиынтығы)	2	17.02.26 24.02.26	
14	Математикалық жұмбақ шешу(тапсырмалар жиынтығы)	2	03.03.26 10.03.26	
15	Схема бойынша есеп шығару (тапсырмалар жиынтығы)	2	17.03.26 31.03.26	
16	«Санды ребустар» ойыны	2	07.04.26 14.04.26	
17	«Сіріңкемен басқатырғыш » логикалық ойын	2	21.04.26 28.04.26	
18	Фигуралардан сурет құрастыр (тапсырмалар жиынтығы)	2	05.05.26 12.05.26	
19	«Білімділер» сайысы	1	19.05.26	